

Сияз Г.Н., Әбдікєрова Г.О.

Болашақ әлеуметтік жұмыс мамандарының өзін-өзі дамытуындағы еңбек мотивациясының рөлі

Мақалада әлеуметтік жұмыс мамандарының өзін-өзі дамытуға себеп болатын ішкі-сыртқы кәсіби мотивациялық факторлар теориялық тұрғыдан негізделді. Тұлғаның мотивациясы оның мінез-құлық құрылымында маңызды орынды ала отырып, максатқа бағытталған қозғалысын анықтайтын негізгі түсініктердің бірі болып табылады. Алайда индивидтің мотивациясын әлеуметтік шындықтан бөлек зерттеу мүмкін емес. Әлеуметтік жұмыскердің мотивация мәселесін зерттеудегі дағды – бұл берілген мәселені индивидуалды әрекеттер социопсихологиялық талдау арқылы зерттеудің қажеттігі, мотивациялық процестердің өзекті әлеуметтік құбылыстармен байланысын ашу болып табылады. Сондай-ақ мотивациялық фактор алған білімнің икемділік пен дағдыға айналуын қамтамасыз ете отырып, тұлғаның кәсіби өсу мен шеберлікке жетуінің құралы. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, еңбек сферасындағы ауқымды қайта құрулар қарқынды бәсекелестік қатынастың пайда болуы, тұлғаның нарықтық бәсекелестік қатынастар шеңберінде өзін-өзі тануында тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлінің бейтараптанғанын көрсетеді. Осындай түрдегі құндылықтардың өзгеруі әлеуметтік-экономикалық процестерде тұлғаның индивидуалды деңгейіне, оның өзінің алдына мінез-құлық үлгісіне деген жауапкершіліктер қояды. Әлеуметтік жұмыскерлердің өзін-өзі жетілдіру мотивтері қарастырылды. Болашақ әлеуметтік жұмыскерлердегі кәсіби құндылықтары зерттелді.

Түйін сөздер: әлеуметтік жұмыс, өзін-өзі кәсіби дамыту, мотивация, рухани құндылықтар.

Siyaz G.N., Abdikerova G.O.

The role of motivation in self-realization of future specialists of social work

In article theoretical based external and internal motivational factors, professional self-realization of specialists of social work. Motivation takes the leading place in the structure of behavior and is one of the main concepts that are used to explain the driving forces, activities in General. However, it is impossible to investigate the motivation of the individual in isolation from social reality. The sociologist approach to the problem of motivation is to view the necessity of studying this problem through a socio-psychological analysis of individual actions, disclosure of communications motivational process with the actual social situation. It should also be noted that the motivational factor provides a transformation of knowledge, abilities, skills in tools for personal and professional growth, thus contributing to the achievement of professional skills. High level of motivation to work promotes the full utilization of abilities and skills of workers, increase economic growth. From a high level of intrinsic motivation depends not only social and creative activity of workers, but the final results of enterprises in their multifaceted socio-economic activities, including in the provision of services to the public social security bodies. The change in the socio-economic situation in our country, large-scale transformations in employment accompanied by high intensity of competition and the leveling of a role of the state as a guarantor of stability, offering particular individual autonomy in the question of personal self-determination within the framework of competitive market relations. Often the prospects for the development of society increasingly depend not on how developed the mechanisms of the subordination of the personality to the needs of society, and on how actively implements mechanisms of combinations of abilities and needs of the individual with the interests and needs of society. Examined the motives of self-realization social workers. Investigated the professional values of future social workers.

Key words: social work, professional fulfillment, motivation, moral values.

Сияз Г.Н., Абдикєрова Г.О.

Роль мотивации в самореализации будущих специалистов социальной работы

В статье теоретически основаны внешние и внутренние мотивационные факторы, профессиональные самореализации у специалистов социальной работы. Мотивация занимает ведущее место в структуре поведения личности и является одним из основных понятий, которое используется для объяснения движущих сил, деятельности в целом. Однако невозможно исследовать мотивацию индивида в отрыве от социальной реальности. Подход социолога к проблеме мотивации – это взгляд на необходимость изучения данной проблемы посредством социопсихологического анализа индивидуальных действий, раскрытия связи мотивационного процесса с актуальной социальной ситуацией. Зачастую перспективы развития общества все более зависят не от того, насколько развиты механизмы подчинения личности потребностям общества, а от того, насколько активно реализуются механизмы сочетания способностей и потребностей личности с интересами и потребностями общества. В статье рассмотрены мотивы самореализации социальных работников, исследованы профессиональные ценности будущих социальных специалистов.

Ключевые слова: социальная работа, профессиональная самореализация, мотивация, моральные ценности.

**БОЛАШАҚ
 ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС
 МАМАНДАРЫНЫҢ
 ӨЗІН-ӨЗІ
 ДАМУЫНДАҒЫ
 ЕҢБЕК МОТИВАЦИЯ-
 НЫҢ РӨЛІ**

Әлеуметтік жұмыс – кәсіби қызмет ретінде дамыған елдер қоғамында көпжылдық тарихқа және үлкен мәнге ие, ал Қазақстан қоғамына соңғы онжылдықта ғана осы мамандықтың маңыздылығы мен болашағы туралы түсінік келді. Кәсіби қызметтің қалыптасуына халыққа қызмет көрсету тәжірибесі, әлеуметтік қызмет көрсетулер, жаңа әлеуметтік мекемелерді құру, әлеуметтік жұмыс мамандарының мәртебесін арттыру болып табылады. Құқықтық-нормативтік бағытта заңдық негізді дамыту, халықты әлеуметтік қорғау мен қолдауға бағытталған стандарттарды жасау, мамандықтың мәртебесін арттыру шаралары бүгінгі күннің басты міндеті. Қазақстанда әртүрлі кәсіби сферада әлеуметтік жұмыс орын алған ішкі-рухани жағдайлар, бұрынғы күрделі әлеуметтік-экономикалық талаптардың көрінісі. Қазір елімізде әлеуметтік жұмыс жаңғыру үстінде. Шет елдік тәжірибелерді белсенді алу мен оны бір мезгілде елімізде нақты қажеттіліктерге сай бейімдеу процесі жүруде.

Мамандық таңдау – айтарлықтай күрделі және ұзақ мотивациялық процесс: мамандықты дұрыс таңдау көбінше адамның өз кәсіби өмірінің қанағаттандырылуымен байланысты. Мамандықты танымдық таңдау адамның өзіндегі әлеуметтік құндылықтарының бағытталуымен жүзеге асады. Егер адам үшін, қоғамдық мәртебе маңызды болса, онда мамандық сәннен шықпаған, қоғамдағы мәртебелі мамандық таңдалады. Әдетте мамандық мәртебесінің екі түрі көрсетіледі – экономикалық және мәртебелік. Экономикалық мәртебе ұсынылатын материалдық марапаттау деңгейіне байланысты (өзекті немесе потенциалды) таңдауда және кәсіби жолын жүзеге асыру (мамандық таңдау, кәсіби өзін-өзі анықтау). Мамандықтың экономикалық мәртебесіне оған деген тұрақты сұраныс; еңбек нарығында тұлғалардың сабақтас мамандықтар арасында берілген мамандыққа бәсекелестігі. Мамандықтың беделді мәртебесі (беделділік) берілген еңбек түрінің мазмұндылығы (шығармашылық функция үлесімен, шығармашылық сипатымен) және мамандықтың атақтылық деңгейімен анықталады.

Сонымен, әлеуметтік жұмыс мамандығының беделінің ауқымды өсуімен де, ол бәрібір қоғам өмірінен жоғары бола алмайды. Мамандықтың экономикалық мәртебесі жөнінде-

гі объективті ақпараттар бойынша және кәсіби топтардың биліктік ресурстарын зерттеу нәтижесінде алынған ақпараттар бойынша әлеуметтік жұмыскер мамандығының әлеуметтік мәртебесі айтарлықтай төмен. М.Ю. Горбунова әлеуметтік жұмыс төңірегіндегі кәсіби мотивациялық факторларды (мотиватор) келесідей көрсетеді [1]:

Кәсіби құзыреттілік, теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылардан тұрады.

Кәсіби құндылық, кәсіби кодекстің негізгі принциптері.

Альтруистік мотивация – бұл рухани парыз және көңіл білдіру мотивіне негізделген ішкі тұлғалық мотивация. Е.И. Комаров Мәскеу әлеуметтік университеті әлеуметтік жұмыс менеджменті кафедрасы жетекшілері арасында алынған зерттеуінде келесі дифференциялды жүйені ұсынады [2]:

Кез келген қызмет түрінің мотивін зерттеуде тәжірибелік мәні маңызды болады. Әсіресе, бұл мәселе, қызметтің жаңа түрлеріне, оның ішінде әлеуметтік жұмыс үшін өзекті. Қазақстанда соңғы жылдары орын алған экономикалық, саяси, демографиялық процестер әлеуметтік сфераны өзгертті. Бұл жағдайда әлеуметтік көмек пен қолдаумен, реабилитация және әлеуметтік қызмет көрсету (қарттар, мүгедектер, қиын өмірлік жағдайдағы азаматтар, ата-ананың қамқорлығынан айрылған жетім және қараусыз қалған балалар, тыл жұмысшылары, саяси репрессия құрбандары, аз қамтылған азаматтар) мәселесі маңыздана түседі.

Әрбір мамандық өзге мамандықтарға ұқсас және өзіне тән құндылықтарымен спецификалық болып келеді. Мамандықтың кәсіби құндылықтары жеке адам мен қоғам өміріндегі рөлі мен мәртебесіне негізделеді. Жеке мансаптағы сәттілік мамандық сәттілігінің синониміне айналады. Берілген тезис, әсіресе әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіби мотивациясын қолданғанда жақсы іске асады. Қазақстанда онжылдықтар көлемінде кейбір мамандықтарда әртүрлі тәсілмен материалдық қамсыздандыру үшін ұжымдық құндылықтардың қоғамдық мәні ауысты. «Қоғамдық пайда» мамандықтың жоғары мәртебесі немесе факторы ретінде қабылданбады, мамандарды ынталандыру өз шеңберінде қалып қойды. Әсіресе, маңыздысы «мамандық» түсінігі елімізде тұрақталмаған, құрылымсыз. Қазіргі Қазақстанда кәсіби құрылым әлеуметтік мәртебе мен беделді анықтауда өзінің бастапқы күйін жоғалтуда, мамандықтың жүйелік құндылықтарына мән берілмейді. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі кадрлық «жетіспеушілік»

жартылай мамандармен, осы саланың маманы еместермен толы. Әлеуметтік жұмыскерлердің ішкі альтруистік мотивациясы материалдық игіліктерді алуға әлсіз, осындай ретпен мамандықты әлеуметтанулық анықтауларда Т.Парсонс бірінші ретте мамандардың қоғамдық қызығушылықтарға мән берілетінін атап көрсетеді.

Әлеуметтік жұмыскердің кәсіби қызметінің сәттілігіне құндылықтар жүйесі көп әсер етеді. Көмек көрсетуші мамандықтар ішіндегі бірден бір маңыздысына әлеуметтік жұмысты жатқызуға болады, кәсіби қызметке деген жеке мотивтер жүйесі мен құндылықтардың берілуімен анықталады. Н.Б. Шмелева құндылықтарды альтруистік мінез-құлықтық әрекеттерді; кәсіп алдындағы этикалық жауапкершіліктер құндылығы; өзін-өзі жетілдірудегі қажеттіліктермен байланысты, өзіне деген сенімділік, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, қызметте кәсібилікке жету [3]. Кәсіби құндылықтар жүйесі, жоғарғы ішкі мотивацияның әсерінен дамиды. Т. Парсонс кәсіби рөлге деген критерийді жеткілікті түрде анық белгілеуге болады деп тұжырымдайды. Бірінші критерий – қалыптасқан арнайы дайындық талаптары, білім берудің дұрыстығы және білім алған индивидтердің құзыреттілігі. Оқу процесі маманға құндылықтар бағытын түзуші интеллектуалдық компоненттерді беру процесіне ие. Екінші критерий – бұл алынған кәсіби білімдерді дағды түрінде жүзеге асыру. Үшінші критерий – еркін мамандардан олардың құзыреттілігі өздерінің барлық әлеуметтік сферасындағы қызығушылықтарда қолданылады, еңбекте альтруистік мотивациялы орын алады.

Т. Парсонс мамандар мотивациясына анықтама беруге ұмтыла отырып, әртүрлі ұғымдағы түсінігі бойынша негізгі мотив жеңіске жету деп санады. Біреулер үшін жеңіс – өз қызметіндегі техникалық мақсаттарға жету, яғни іскер адам жауапкершілігін алған фирманың табысқа жетуі. Жеңістің басқаша түсінігі – бұл кәсіби топта жоғары деңгейге жету, «мойынсұну». Ол әлеуметтік жұмыста тәжірибенің сипаты мен бағасымен, өз саласында кәсіби артықшылықтар мен абыройға ие болумен өлшенеді. Е.А. Яблокова және Л.И. Катаева әлеуметтік жұмыстағы жетістік феномені әлеуметтік маңызды нәтижеге жетудің нәтижесінің өнімділігі, нәтижелігі, мәдени техникалық, еңбекті ұйымдастырудағы іс-әрекет нәтижесімен барабар деп көрсетеді. Бұл кәсіби қызмет жетістігінің объективтілік критерийінің аталуы. Жетістіктің субъективті критерийі бар, субъектінің іс-әрекетінің жеке жағда-

йында, іс-әрекетке деген қанағаттандыру ретінде анықталады [4].

Осы критерийлерді біріктіргенде белгілі болғаны: қызметте жетістікке жету қанағаттандыру күйін туындатады, жетістіктер мотивациясы, өзін-өзі дамыту, қызметте жеке тұлғалық потенциалын арттыру мен жоғары нәтижеге жетуге деген ынталандыру.

Әлеуметтік жұмыстағы өзін-өзі жетілдірудің маңызды детерминаты адам басқаратын негізгі мотивтер болып табылады. Мотивтің мәні, Е.П. Ильин көзқарастарына сүйене отырып мотив іс-әрекеттегі негізгі аралық білім, адамның іс-әрекеті мен қызметтері [5]. Э.Декидің пікірі бойынша кәсіби қызметте екі негізгі тенденциялар: құзыреттілікке және шеберлікке ұмтылу. Адам қандай да бір іс-әрекетте қаншалықты өзін құзырлы және нәтижелі сезінетін болса, онда соншалықты шеберлікке деген мотивациясы көрінеді, берілген іс-әрекет маманның өзін-өзі дамытуына әсер етеді.

Жалпы, еңбек мотивтері қызметтің нақты түрін таңдағанда жүзеге асады. Т.Парсонстың «мамандық таңдаудағы сілтеме» моделіне сәйкес әлеуметтік-психологиялық мамандықтарда (әлеуметтік жұмыс жататын) үміткердің кәсіби жарамдылығын қорытындылағанда тек:

- үміткерлерде әлеуметтік-психологиялық қызметке арнайы қабілеттіліктер (психологиялық және физикалық қасиеттер) болуын анықтау;
- әр түрлі әлеуметтік мамандықтарда нормативті талаптардың қойылуы;
- таңдалған мамандықтың нормативтік талаптарына сай үміткердің жеке тұлғалық негіздерінің дұрыс берілуі.

Ғылыми-әдістемелік жағынан мамандықты дұрыс таңдау, біріншіден таңдалған әлеуметтік жұмыскер мамандығының қоғам мен халықтың нақты топтарының қызығушылығымен сәйкестігі, екіншіден, еңбек сферасы әрекеттерін анықтау жеке тұлғалық қабілеттіліктерін ең жоғарғы деңгейде беру, ашылу, үшіншіден, әлеуметтік сферада тұлғаның тұрақтылық әрекетіне бейімділігі, төртіншіден, таңдалған сферада кәсіби қалыптасу мен абыройдың пайда болуы.

Мотивация және ынталандыру түсініктерінің өзара байланысын көпшілік авторлар сипаттай келе, мотивация өзін-өзі дамытумен байланысты еңбек процесіндегі шығармашылық ішкі мотивация секілді түсіндіріледі; ал құралдық мотивация индивидтің еңбекке әрекет ету құралы – сыртқы мотивациясы ретінде [6]. Оның ішінде қарапайым жұмысшылар мен аз тәжірибелі мамандарда сыртқы мотивация басым.

Бұл анықтама, кәсіби қызмет «адам-адам» сферасында дұрыс емес. Еңбекте әрекет етуі бойынша әлеуметтік жұмыскерлер жұмысшылар секілді қарапайым еңбек түрімен қамтылған, төменгі жалақыға ие деген дәлел бүгінгі күнде сәйкес келмейді. Әлеуметтік жұмыстағы еңбек жоғарғы ішкі мотивациямен ынталандырылады.

Б.М. Генкин ішкі мотивация жұмыстың мазмұны мен мәнімен анықталады деп санайды, яғни еңбек процесін сипаттаушы стимулдар әсерінен қалыптасады. Ол сыртқы мотивацияны дәлелді түрде «ынталандыру» түсінігімен теңестіреді. Б.М. Генкин ішкі мотивацияның екі аспектісін белгілейді: құрамды және рөлдік, мұнымен әдебиеттерде ішкі және сыртқы мотивация бірдей жинақталмағанын көрсетеді және ынталандыру түсінігінің экономикалық мотивацияда таралғандығын айтады [7]. Ынталандыру экономикалық мотивация түрінде елімізде әлеуметтік жұмыс саласында айтарлықтай дамымаған. Бұл мамандардың дамуындағы кемшіліктердің бірі. Әлеуметтік жұмыстағы басты ішкі стимул болып әлеуметтік жұмыс мамандарының қоғамға, адамдарға, көмекті қажет етушілерге пайда әкелуі болып табылады. Сонымен бірге клиенті болып табылатын ұдайы қызықты адамдармен әңгімелесу, олар тарапынан сыйластық, жұмыста өзіндік деңгейі, алғашқы қадам жасай алу, еңбектің мазмұны мен маңыздылығы.

ЖОО-ғы студенттердің оқу процесіндегі кәсіби мотивациясы ретінде тұлғаның болашақ кәсіптік қызметін зерттеуін оятып, бағыттайтын санасында орын алған факторлар мен процестердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Кәсіби мотивация кәсібилік пен тұлғалықтың ішкі қозғаушы күші ретінде көрінсе, оның қалыптасқан ең жоғарғы деңгейі кәсіби өзін-өзі дамыту.

Әлеуметтік жұмыс жүйесіндегі кәсіби қызмет, халықтың жеке топтарын қамтамасыз ету, оңалту, қолдау көрсетумен байланысты тапсырмаларды шешу және ол жақсы ұйымдастырылған жоспарлау, әлеуметтік саясатты жүзеге асыру, ресурстарды, бағдарламаларды дамыту. Ресурс деп кадрлық ресурстар білім мен дағдыдан бөлек әлеуметтік тәжірибеге қатысы бар, жұмыстың нәтижелігін көрсететін жоғары тұлғалық сапаларға ие мамандар түсіндіріледі. Отандық әдебиеттерде әлеуметтік жұмыскердің негізгі тұлғалық ерекшелігі не деген сұрақ көтеріледі. Әлеуметтік сала өкілдері адамдарға қажетті игіліктерін өтеу, жақсылық жасау [8]. Әлеуметтік жұмыскерлердің қызметі адамгершілік белгіге негізделіп және ол гуманистік құндылықтармен реттеледі, құн-

дылықты бағдар рөлін зерттегенде тұлғалық және кәсіби сапалар маңызды орынға ие болады. Әлеуметтік жұмыскердің тұлғалық сапасы әлеуметтік саланың өкілі ретінде оның кәсіби іске жарамдылығы мен бәсекелестігі. Мамандардың тұлғалық моралдық сапаларын қалыптастыру қоғам мен мамандықтың рухани құндылықтарын сіңіру жолымен қызметке сенім және қажеттіліктер процесіне айнала отырып жүреді. Әлеуметтік жұмыскердің тұлғалық қасиеттері, қоғамдық адамгершіліктің көтерілуіне, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне әсер етеді.

Әлеуметтік жұмыскер жақсы шеберлік пен дағдыға адам туралы ғылымнан терең білімге ие болуы керек. Білім мен шеберліктің шығармашылыққа тұлғалық қасиеттер және қабілеттіліктермен үйлесімділігі кәсіби қызметке дайындық ретінде қарастырылады. Әлеуметтік жұмыс қоғамда маңызды – делдал функциясын атқарады. Ол азаматтық қоғам үшін маңызды әлеуметтік институтқа айналуда. Қазіргі кезде елімізде әлеуметтік саланың дамуы заңды түрде алға жылжуда әлеуметтік жұмыскерлердің бәсекеге қабілеттілік мәселесінің орнауы, әлеуметтік қызмет кадрлық потенциалының мәні және оны күшейту жолдарын ашу, түрлі категориядағы әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарды дайындау, қайта даярлау.

Осы теориялар негізінде ҚазҰУ-да әлеуметтік жұмыс мамандығына қатысты болашақ әлеуметтік жұмыскерлердің мотивациясының әдістемелік инструментарийін жасауға негіз болды. Одан мынадай гипотеза алынды: мотивациясының деңгейі оқудың нәтижелілігі мен деңгейіне, кәсіби әрекеттерді орындауға, кәсіби маманның қалыптасуына әсер етеді. Әлеуметтік жұмыс мамандығында оқитын студенттердің мамандық-

ты таңдаудағы мотивациясын зерттеудің нәтижесін көрсету. Мамандық таңдауда, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалау негізінде жеке талаптарының белгілі бір деңгейін көрсетеді. Қазіргі уақытта, әлеуметтік қызметкердің мотивация мәселесі толық зерттелген жоқ. Сол себепті әлеуметтік қызметкердің өз жұмысына қызығушылығы бар ма? немесе осы процеске тартылған әлеуметтік жұмыскердің еңбектің нәтижесіне деген қызығушылық бар ма, немесе ол тек процеске жай ғана қатысушы ма? Не үшін студент «Әлеуметтік жұмыс» мамандығында оқиды, және ол кейіннен әлеуметтік қызметте жұмыс жасайды ма? – деген сұрақтар жауапсыз қалып жатады.

Зерттеуге «әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1-4 курс аралығындағы 40 студент қатысты. Зерттеудің келесі әдістері қолданылды: анкеталық әдіс және жазбаша эссе «Не үшін мен әлеуметтік жұмыс мамандығын таңдадым» жұмысын талдау.

Анкеталық сауалнаманың нәтижесі «әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенттеріндегі жетекші мотивтерінің бірі «адамдарға пайда алып келу» (сұралғандардың 85%). Болашақ жұмыстарын бағалауда студенттер жұмыстың шығармашылық, қызықты сипатына назар аударады (79%). Қызықты факт «Таңдалған мамандықтан нені күтесіз?» – сұрағына «жоғарғы табысты» тек 6% көрсеткен. Респонденттер әлеуметтік сферадағы мансаптық өсуді жоғары бағаламайды. Сондықтан жауап алған респонденттердің 10%-ы «олар таңдаған мамандығым бойынша жоғары мансапты иелену мүмкіндігі мені тартады» – деген нұсқаны таңдаған. Кестедегі деректер жетекші мотивацияға қатысты топтастырылған:

1-кесте – Сіз әлеуметтік жұмыс мамандығынан не күтесіз» деген сұраққа жауаптар

Жетекші мотивация	Маңызды критерийлер	Респонденттердің % саны
Елеулі мотивация	Жұмыстың қызықты, шығармашыл сипаты	95
	Менің қабілеттіліктеріммен, дағдыларыммен, еркіндігіммен сәйкес келеді	74
	Заманауи техника, технологиямен байланыс	7
	Өз потенциалымды жүзеге асыру мүмкіндігі	28
Әлеуметтік маңыздылық мотивтері	Адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі	85
	Сый-құрметке, мойынсұнуға жету	11
Мәртебелік мотивтер:	Жоғары жалақы алу мүмкіндігі	6
	Жоғары орынды иелену мүмкіндігі	10
	Мамандықтың жоғары мәртебесі	35

Осылайша, респонденттер үшін ең маңызды фактор жұмыстың мазмұны болып табылады. Екінші орында – кәсіби бағдары. Мәртебелік мотивтер «әлеуметтік жұмыс» мамандығын таңдауда айтарлықтай мәнге ие емес. Мамандықты таңдаудың басты мазмұны және әлеуметтік мәні жақсы көрсеткіштерді көрсетті, мұндай мотивациясыз болашақ әлеуметтік қызметкерлерден шебер маман шығуы мүмкін емес.

Бірінші курс студенттеріне «Мен не үшін әлеуметтік жұмыс мамандығын таңдадым?» жазбаша эссе жұмысына 1 курстан 21 студент қатысты. Нәтиже бойынша әлеуметтік жұмыс мамандығының бірінші курс студенттерінің бір жақты көзқарасқа ие деп тұжырым жасауға болады. Олардың көпшілігіне мамандықты және «әлеуметтік жұмыс» мамандығының аумағын білмеу тән болды. Көмек көрсету объектісі ретінде студенттердің көпшілігі (68%) тек қарттар мен балаларды көрсеткен. Мамандықтың негізгі мотиві адамдармен жұмыс істеу және оларға көмек көрсетуді (96%) таңдаған.

Зерттеудің нәтижесіне қарай респонденттерді екі топқа бөлуге болады. Біріншісі мамандықты таңдаудағы гуманистік мотивтер эмоциялық компоненттер көрсетілген. Екінші компенсаторлық мотивация (альтруистік мотивацияға қарағанда, мәртебелік мотивацияның жоғарылығы) деп сипатталады. Компенсаторлық кәсіби мотивация әлеуметтік жұмыскерге қарсы көрсеткіш болып табылады. Болашақ әлеуметтік жұмыс мамандарының мотивациялық мінез-құлқы олардың адамгершілік қасиеттерімен тікелей байланысты. Әлеуметтік жұмыс саласында қызмет етуші мамандардан ең басты талап етілетіні, ол – рухани құндылықтар, гуманизм қасиеті болып табылады. Сондай-ақ тиімді кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін адамдарға жеткілікті мейірімділік, көмектесуге деген ниеттен бөлек теориялық білім негізінде оқу процесінде тәжірибеден өтудің арнайы бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың жүйесін жасау қажет. Алынған зерттеу нәтижелері әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және кәсіптік білім беру тиімділігін арттыру мәселесін анықтады.

Әдебиеттер

- 1 Горбунова М.Ю. Социокультурная мотивация в структуре социальной работы / М.Ю. Горбунова. – Саратов: Саратовский гос. техн. ун-т, 2004.- 112 с.
- 2 Комаров Е.И. Мотивация труда социальных работников // Российская энциклопедия социальной работы. – Т.1. – С. 361-364.
- 3 Шмелева Н.Б. Ценностные ориентации, мотивации и психологические установки в профессиональной подготовке социального работника / Н.Б. Шмелева // Российский журнал социальной работы. – 2005. – №1. – С.115-124.
- 4 Яблокова Е.А. Теоретические проблемы профессионализма работников социальных служб / Е.А. Яблокова, Л.И. Катаева // Профессиональное мастерство работников социальных служб: Материалы II Национальной конференции Ассоциации работников социальных служб. / сост. отв. ред. А.М. Панов, Л.В. Топчий, Э.А. Манукян. – М.: Социальная работа, 2010. – С. 14-26.
- 5 Ильин Е.П. Мотивация и мотивы / Е.П. Ильин. – СПб.: Питер, 2011. – С.84
- 6 Штомпка П. Социология. Анализ современного общества / П.Штомпка. – М.: Логос, 2005. – 664 с.
- 7 Генкин Б.М. Экономика и социология труда: учебник / Б.М. Генкин. – М.: НОРМА-ИНФРА, 2007. – С. 116-117.
- 8 Медведева Г.П. Этика социальной работы: учеб. пособие для студентов вузов / Г.П. Медведева. – М.: Ключ-С, 2009. – 96 с.

References

- 1 Gorbunova M.Ju. Sociokul'turnaja motivacija v strukture social'noj raboty / M.Ju. Gorbunova. – Saratov: Saratovskij gos. tehn. un-t, 2004.- 112 s.
- 2 Komarov E.I. Motivacija truda social'nyh rabotnikov // Rossijskaja jenciklopedija social'noj raboty. – Т.1. – С. 361-364.
- 3 Shmeleva N.B. Cennostnye orientacii, motivacii i psihologicheskie ustanovki v professional'noj podgotovke social'nogo rabotnika / N.B. Shmeleva // Rossijskij zhurnal social'noj raboty. – 2005. – №1. – С.115-124.
- 4 Jabloкова E.A. Teoreticheskie problemy professionalizma rabotnikov social'nyh sluzhb / E.A. Jabloкова, L.I. Kataeva // Professional'noe masterstvo rabotnikov social'nyh sluzhb: Materialy II Nacional'noj konferencii Associacii rabotnikov social'nyh sluzhb. / sost. отв. ред. А.М. Panov, L.V. Topchij, Je.A. Manukjan. – М.: Social'naja rabota, 2010. – С. 14-26.
- 5 Il'in E.P. Motivacija i motivy / E.P. Il'in. – SPb.: Piter, 2011. – S.84
- 6 Shtompka P. Sociologija. Analiz sovremennogo obshhestva / P.Shtompka. – М.: Logos, 2005. – 664 s.
- 7 Genkin B.M. Jekonomika i sociologija truda: uchebnik / B.M. Genkin; – М.: NORMA-INFRA, 2007. – S. 116-117.
- 8 Medvedeva G.P. Jetika social'noj raboty: ucheb. posobie dlja studentov vuzov / G.P. Medvedeva. – М.: Kljuch-S, 2009. – 96 s.